

"Жамбыл ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындайтын Қағидаларын бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл аудандық мәслихатының 2014 жылғы 28 қаңтардағы № 24/1 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл аудандық мәслихатының 2014 жылғы 19 қарашадағы № 33/2 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 25 желтоқсанда N 3029 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 2015 жылғы 30 маусымдағы N 38/4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 30.06.2015 N 38/4 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 21-бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл аудандық мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. "Жамбыл ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындайтын Қағидаларын бекіту туралы" Жамбыл ауданы мәслихатының 2014 жылғы 24 қаңтардағы № 24/1 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2014 жылғы 13 ақпанда № 2552 тіркелді, аудандық "Ауыл арайы" газетінде 2014 жылғы 21 ақпанда, "Сельская новь" газетінде 2014 жылғы 21 ақпанда жарияланды) әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындайтын Қағидаларында (әрі қарай Қағидалар) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген шешімнің 2 қосымшасы осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

Қағиданың 7 тармағының екінші абзацы жаңа редакцияда мазмұндалсын:

Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектерге, және де жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектерге теңестірілген тұлғаларға тіс протездеуге, ұсынылған шот-фактурасына сәйкес

құны мөлшерінде кірісті есептемегенде (бағалы металлдар мен металлокерамикадан, металлоакрилден жасалған протездерден басқа) 2 жылда бір реттен артық емес;

Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектерге, сондай-ақ женілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектерге теңестірілген тұлғаларға және 1, 2, 3 топтағы мүгедектерге санаторлық–курорттық емделуге, Қазақстан Республикасының санаторийлерінде және профилакторийлерінде санаторлық–курорттық емделу құны мөлшерінде, табысты есепке алмағанда жылына бір рет;

Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектеріне коммуналдық қызметтерді төлеу және отын сатып алу үшін 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ай сайынғы өтемақы;

туберкулездің белсенді формасымен ауыратын адамдарға тоқсан сайын табысты есепке алмастан, денсаулық сақтау мекемелерінен анықтама ұсыну бойынша 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде".

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн откеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы
Жамбыл аудандық мәслихатының кезектен тыс
XXXIII сессиясының
төрайымы

Солтүстік Қазақстан облысы
Жамбыл аудандық мәслихатының хатшысы
"КЕЛІСІЛДІ"
Солтүстік Қазақстан облысының
әкімі

Л. Шатохина
Б. Мұсабаев
Е. Сұлтанов

Солтүстік Қазақстан облысы
Жамбыл аудандық мәслихатының
2014 жылғы 19 қарашадағы
№ 33/2 шешіміне
1-қосымша
Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындастының Қағидаларына 1-қосымша

Әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы күндер мен мереке күндерінің тізбесі, атаулы күндер мен мереке күндері алушылардың жекелеген санаттары үшін әлеуметтік көмектің еселігі мен мөлшері

p/ c №	Алушылар санаттары	Әлеуметтік көмек мөлшері (айлық есептік көрсеткіш)
--------------	--------------------	--

15 ақпан – Ауған аумағынан әскерді шығару күні

1	Бұрынғы КСР Одағы үкімет органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттің ауамақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысқан - Совет Армиясының, Әскери-Теңіз флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілері, бұрынғы КСР Одағы Ішкі істер министрлігінің қатардағы және басқарушы құрамының адамдары (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса есептегендеге); жаттығу жиындарына шақырылып, ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезде Ауғанстанға жіberілген әскери міндеттілер; ұрыс қимылдары жүріп жатқан осы елге жүк жеткізу үшін Ауғанстанға жіberілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілері; бұрынғы КСР Одағының аumaғынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмаларды орындау үшін ұшулар жасаған үшүн құрамының әскери қызметшілері; Ауғанстандағы кеңес әскери құрамына қызмет көрсеткен жарапланған, контузия алған немесе закымданған, яки ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған жұмысшылар мен қызметшілер.	15
2	Бұрынғы КСР Одағын қорғау кезінде, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа уақытта орындау кезінде жараплануы, контузия алуы, закымдануы салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауғанстанда немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттерде әскери міндеттін өтеу кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған әскери қызметшілер.	15
3	Басқа елдерде кимыл жасаған әскер құрамдарына қызмет көрсеткен және ұрыс қимылдарын жүргізу кезінде жараплануы, контузия алуы, закымдануы салдарынан мүгедек болған тиісті санаттарға жұмысшылар мен қызметшілер.	15
4	Ауғанстандағы немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттердегі ұрыс қимылдары кезеңінде жарапланудын, контузия алудын, закымданудың немесе ауруна шалдығудың салдарынан каза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасы.	15
5	1979 жылдың 1 желтоқсаны мен 1989 жылдың желтоқсаны аралығында Ауғанстанға және ұрыс қимылдары жүріп жатқан басқада мемлекеттерге жұмысқа жіberілген жұмысшылар мен қызметшілер.	15
6	Бұрынғы КСР Одағы Мемлекет қауіпсіздік комитетінің Ауғанстанда уақытша, болған және совет әскерлерінің шектелген құрамына енбеген жұмысшылары мен қызметшілері.	15

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні

1	"Алтын алқамен", "Күміс алқамен", I және II дәрежелі "Ана Данқыны" ордендерімен марапатталған немесе бұрын "Ардақты ана" атағын алған көп балалы аналар.	5
---	--	---

26 сәуір – Чернобыль атом электростанциясындағы (бұдан әрі - Чернобыль АЭС) апатты еске алу күні

1	1986-1987 жылдары Чернобыль АЭС-індегі апаттың, сондай-ақ азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық қаруды сынаудың салдарынан мүгедек болған адамдар, сондай-ақ ата-анасының бірінің радиациялық сәуле алуы себебінен генетикалық жағынан мүгедек болып қалған олардың балалары.	15
2	Чернобыль АЭС-індегі апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың жою кезінде қаза тапқан адамдардың отбасы.	15
3	Чернобыль АЭС-індегі апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жою кезінде қаза тапқан адамдардың отбасы.	15
	Чернобыль АЭС-індегі апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі	

4	басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық сынаулардың салдарынан сауле ауруына шалдығып қайтыс болғандардың, немесе өлімі белгіленген тәртіппен солардың ықпалына байланысты болған мүгедектердің, азаматтардың, сондай-ақ азаматтардың отбасы.	15
5	1988-1989 жылдардағы Чернобыль АЭС-індегі апаттың зардаптарын жоюға қатысқан, оқшаулау аймағынан Қазақстан Республикасына қоныс аудартқан (өз еркімен көшкен) адамдар қоныс аудартқан күні анасының құрсағынандағы балаларды қоса алғанда.	15
9 мамыр – Женіс күні		
1	Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері	5 0 (2015 жылғы 9 мамырды қоспағанда)
2	Қорғанысина қатысу майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген жеңілдік шарттарымен зейнетақы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қантарға дейін есептелді қалаларда Ұлы Отан соғысы кезінде қызмет атқарған әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары.	5
3	Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелерде штаттық қызмет атқарған Совет Армиясының, Әскери-Теніз Флотының, бұрынғы КСР Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік әскерлері мен органдарының еркіті жалдама құрамаларының адамдары, яки сол кездерде қорғанысина қатысу майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген жеңілдік шарттарымен зейнетақы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қантарға дейін есептеледі қалаларда болған адамдар.	5
4	Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия мен флоттың құрамына кірген бөлімдердің, штабтар мен мекемелердің құрамында полк баласы (тәрбиеленушісі) және теңізші бала ретінде болғандар.	5
5	Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында шетелдердің аумағында фашистік Германия мен оның одактастарына қарсы ұрыс қимылдарына партизан отрядтары, астыртын топтар және басқа да антифашистік құрамалар құрамында қатысқан адамдар.	5
6	Қатынас жолдары халық комиссариаты, Байланыс халық комиссариаты арнайы құрамаларының, кәсіпшілік және көлік кемелерінің жузу құрамы мен авиацияның ұшу-кетеру құрамының, бұрынғы КСР Одағы Балық өнеркәсібі халық комиссариатының, Теніз және өзен флотының, Солтүстік теңіз және жолы Бас басқармасының ұшу-кетеру құрамының Ұлы Отан соғысы кезінде әскери қызметшілер жағдайына көшірілген және ұрыс майдандарының тылдағы шептері, флоттардың оперативтік аймақтары шегінде майдандағы армия мен флот мұдделеріне орай міндеттер атқарған қызметкерлері, сондай-ақ Ұлы Отан соғысының бас кезінде басқа мемлекеттердің порттарында тұтқындалған көлік флоты кемелері экипаждарының мүшелері.	5
7	Қоршаудағы кезеңінде Ленинград қаласының кәсіпорындарында, мекемелері мен үйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен әрі "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтар.	5
8	Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одактастары құрған концлагерлердің, геттоіаралардың және басқа да еріксіз ұстau орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындары.	5
9	Әскери міндеттін орындау кезінде жарапануы, контузия алуы, закымдануы салдарынан, яки майданда болуына немесе ұрыс қимылдары жүргізілген мемлекеттерде әскери міндеттін орындауына байланысты ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған бұрынғы КСР Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының органдарының басшы және қатардағы құрамындағы адамдар.	5

10	1944 жылдың 1 қантарынан 1951 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі кезеңде Украина ССР-і, Беларусь ССР-і, Литва ССР-і, Латыш ССР-і, Эстон ССР-і аумақтарында қымыл жасаған халықты қорғауши истребительдік батальондардың, взводтар мен отрядтардың жауынгерлері мен командалық құрамы қатарында болған, осы батальондарда, взводтарда, отрядтарда қызмет міндетін атқаруға кезінде жаралануы, контузия алуы немесе зақымдануы салдарынан мүгедек болған адамдар.	5
11	Ұлы Отан соғысында қаза тапқан, жергілікті әуе қорғанысының объектілерді өзін-гзі қорғау топтары мен авариялық командаларының жеке құрамы қатарындағы адамдардың отбасы, Ленинград қаласының госпитальдері мен ауруханаларында қаза тапқан қызметкерлердің отбасы.	5
12	Қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға тенестірілген мүгедектердің әйелдері (күйеулері), сондай-ақ қайтыс болған соғысқа қатысушылардың, партизандардың, астырын күрес жүргізген адамдардың, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен және "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған, жалпы ауруға шалдығудың, еңбек ету кезінде 5 зақым алуының нәтижесінде және басқа себептерге (күккікка қайшы келетіндерінен басқаларына) байланысты мүгедек деп танылған азаматтардың екінші рет некеге тұрмagan әйелдері (күйеулері).	5
13	Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған адамдар	5 (2015 жылғы 9 мамырды қоспағанда)
2015 жылғы 9 мамыр – Жеңіс күні		
1	Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері	100
2	Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған адамдар	25
7 мамыр – Отанды қорғау күні		
1	Бұрынғы КСР Одағының Қорғаныс министрлігіне, ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарына әскери міндетін өтеу жиындарына шақырылған, қоғамға жат көріністерге байланысты төтенше жағдайлар кезінде қоғамдық тәртіпті сактау жөніндегі тапсырмаларды орында барысында қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің, басшы және қатардағы құрам адамдарының отбасы.	5
2	Бейбіт уақытта әскери қызметін өткери кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасы.	5
31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні		
1	Бұрынғы КСР Одағы аумағында саяси қуғын-сүргіннен тікелей зардап шеккен және қазіргі кезде Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын адамдар.	15
2	Қазақстан Республикасының қазіргі аумағында өздеріне қуғын-сүргіндер қолданылғанға дейін тұрақты өмір сүрген адамдар мына төмендегі жағдайларда танылады: а) бұрынғы КСР Одағынан тысқары жерлерде қуғын-сүргіндердің кеңес соттары мен басқа да орталықтардың қолдануы. б) екінші дүниежүзілік соғыс кезінде (жай адамдар мен әскери қызметшілерді) тұрақты армия әскери трибуналдарының айыптауы. в) Қазақстаннан тысқары жерлерде әскери қызмет атқару үшін шақырылғаннан кейін қуғын-сүргіндердің қолдануы. г) қуғын-сүргіндерді орталық одақтық органдар: КСРО Жоғарғы Соты мен оның сот алқаларының, СКРО Айрықша бас саяси Басқарма алқасының, КСРО Ішкі істер халық комиссариаты – Мемлекет Қауіпсіздік министрлігі - Ішкі істер министрлігі жанындағы айрықша кеңестің, КСРО Прокуратурасы мен КСРО ішкі істер халық комиссариатының Тергеу Істері жөніндегі комиссиясының және басқа органдар шешімдері бойынша қолдануы .	15

	д) Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсан оқиғаларына катысқаны үшін, осы оқиғаларда қасақана кісі өлтіргені және милиция қызметкерінің, халық жасақшысының өміріне қастандық жасағаны үшін сотталған, өздеріне қатысты қылмыстық істерді қайта караудың қолданып жүрген тәртібі сакталатын адамдарды қоспағанда, қуғын-сүргіндердің қолданылуы жағдайларында танылады.	
3	КСР Одағы мемлекеттік үкіметтің жоғары органдарының құжаттары негізінде Қазақстанға және Қазақстаннан күштеу арқылы құқыққа қарсы қоныс аударуга ұшыраған адамдар да танылады.	15
4	Ата-аналармен немесе олардың орнындағы адамдармен бірге бас бостандығынан айыру орындарында, айдауда, жер аударуда немесе арнайы қоныс аударуда болған саяси куғын-сүргіндер құрбандарының балалары, сондай-ақ куғын-сүргін кезінде он сегіз жасқа толмаған және оның қолданылуы нәтижесінде ата-анасының қамқорлығының қалған саяси куғын-сүргіндер құрбандарының балалары танылады.	3
30	тамыз – Қазақстан Республикасының Конституциясы күні	
1	Қазақстан Республикасына сіңірген ерекше еңбегі үшін зейнетакы тағайындалған адамдар, облыстық маңызы бар дербес зейнеткер мәртебесі бар зейнеткерлер, облыстың, қаланың (10 ауданның) құрметті азаматтары.	

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл аудандық мәслихатының 2014 жылғы 19

қарашадағы № 33/2 шешіміне

2-қосымша

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындайтын
Қагидаларына 2-қосымша

Табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан қын өмір жағдайы туындағанда әлеуметтік көмек көрсетудің шекті мөлшері, әлеуметтік көмекке жүгінудің мерзімі және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесі

№ п/ п	Табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан қын өмір жағдайы туындағанда әлеуметтік көмек алушылардың санаттары	Табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан қын өмір жағдайы туындағанда әлеуметтік көмек алушылардың санаттары шекті мөлшері	Табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан қын өмір жағдайы туындағанда әлеуметтік көмекке өтіну мерзімі
1	2	3	4
1	Жетімдер		
2	Ата-ана қамқоршылығынан айырылғандар		
3	Қараусыз кәмелет жасына толмағандар, оның ішінде девианттық мінез-құлғығы барлар		
4	Туганнан үш жасқа дейін ерте психофизикалық дамуының мүмкіндігі шектеулі балалар		
5	Физикалық және (немесе) ақыл-ой мүмкіндіктері себептерінен ағза		

	функцияларының катты бұзылуымен тұлғалар		
6	Әлеуметтік мәні бар ауру және коршаган орта үшін қауіпті аурулар салдарынан тіршілік әрекеті шектеулі тұлғалар	10 минималды есепті көрсеткіштен артық емес күннен 6 ай ішінде	Киын өмір жағдайы туган
7	Жасы ұлғайған шакта, ауырган ауру салдарына және (немесе) мүгектікке байланысты өзіне қызмет көрсете алмайтын тіршілік әрекеті шектелген тұлғалар		
8	Әлеуметтік дезадаптация және әлеуметтік депривацияға экелген қатал ұстаудан азап шеккен тұлғалар		
9	Баспанасыздар (тұрақты тұратын баспанасыз тұлға)		
10	Бас бостандығын айыратын жерден босатылған тұлғалар		
11	Қылмыстық-атқару инспекциясының пробация есебі қызметінде тұрған тұлғалар		
12	Табиги зілзаланың немесе өрттің салдарынан зардап шеккен немесе әлеуметтік мәні бар аурулары бар азаматтар (қатерлі ісік, мүгедек балалар)	60 минималды есепті көрсеткіштен артық емес, табыс е с е б і н с і з	Киын өмір жағдайы туган күннен 6 ай ішінде
13	1,0 ең төмен күнкөріс деңгей шегінен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табысымен Жамбыл ауданы аумағының тұрғындары		

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК